



Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрлігі
Балалардың құқықтарын қорғау комитеті



Білім беру ұйымдарының
балаларды тасымалдауы жөніндегі
ӘДІСТЕМЕЛІК
ҰСЫНЫМДАР



Қазақстан Республикасы
Оқу-ағарту министрлігі
Балалардың құқықтарын қорғау комитеті

Білім беру ұйымдарының
балаларды тасымалдауы жөніндегі

ӘДІСТЕМЕЛІК ҰСЫНЫМДАР



Әдістемелік ұсынымдар:

- **«Қазақстан Республикасындағы Бала құқықтары туралы»**
- **«Автомобиль көлігі туралы»**
- **«Жол қозғалысы туралы»** Қазақстан Республикасының Заңдарына;
- **Автомобиль көлігімен жолаушылар мен бағажды тасымалдау қағидалары** (ҚР Инвестициялар және даму министрінің м.а. 26.03.2015 жылғы № 349 бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11550 болып тіркелген);
- **Жол жүрісі қағидаларын, Көлік құралдарын пайдалануға рұқсат беру жөніндегі негізгі ережелерді, көлігі арнайы жарық және дыбыс сигналдарымен жабдықталуға және арнайы түсті-графикалық схемалар бойынша боялуға тиіс жедел және арнайы қызметтер тізбесін бекіту туралы** (ҚР Ішкі істер министрінің 30.06. 2023 жылғы № 534 бұйрығы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 33003 болып тіркелген) және өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленген.



МАЗМҰНЫ

1. Балаларды тасымалдау жөніндегі ұйымдастыру іс-шаралары.....4
2. Балаларды тасымалдау тәртібі.....10
3. Балалардың қауіпсіздігі үшін жауапкершілік.....18

1. БАЛАЛАРДЫ ТАСЫМАЛДАУ БОЙЫНША ҰЙЫМДАСТЫРУ ІС-ШАРАЛАРЫ





Балаларды тасымалдауды Тасымалдау қағидаларында белгіленген талаптарға сәйкес жабдықталған **автобустармен немесе шағын автобустармен** жүзеге асырылады.

Білім беру ұйымының теңгерімінде автобус құралдары болған жағдайда балаларды тасымалдау сонымен жүзеге асырылады. Білім беру ұйымында автобус болмаған жағдайда балаларды тасымалдау Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасына сәйкес айқындалатын қызмет көрсетушінің

қызметтері арқылы жүзеге асырылады.

Білім беру ұйымдары балалардың санына қарамастан олардың тасымалдауын Тасымалдау қағидаларына сәйкес жүзеге асырады.

Білім беру ұйымының басшысы тоқсан сайын балаларға, ата-аналарға немесе заңды өкілдерге Жол қозғалысы ережелерінің негізгі аспектілерін, сондай-ақ қауіпсіздік шаралары мен автобустен жүру кезіндегі тәртіп ережелерін түсіндіру бойынша ұйымдастыру жұмыстарын жүргізеді.





Білім беру ұйымдарының балаларды тасымалдау жөніндегі ұйымдастыру іс-шараларына мыналар кіреді:

1) **білім беру ұйымының басшысы** балаларды іс – шара өтетін жерге дейін және кері тасымалдауға байланысты оқу жылына арналған **іс-шаралар жоспарын** (бұдан әрі – іс-шаралар жоспары) **бекіту**. Тасымалдау жүзеге асырылғанға дейін 10 жұмыс күнінен кешіктірілмей іс-шаралар жоспарына өзгерістер мен толықтырулар енгізіледі.

2) тасымалдау күнін, уақытын, ТАӘ (бар болса) көрсетілген балалардың тізімін, жүру бағытын (бастапқы, соңғы және аралық пункттер), отырғызу және түсіру орнын, балаларды тасымалдауға жауапты тұлғалардың ТАӘ (бар болса) және лауазымын, топ басшыларын және (немесе) еріп жүрушілерді көрсете отырып, балаларды тасымалдауды ұйымдастыру туралы **бұйрығын бекіту;**

3) **3 жұмыс күнінен кешіктірмей** патрульдік сүйемелдеуді ұйымдастыру туралы әкімшілік полицияның аумақтық бөлімшесіне **өтінім жіберу;**

4) білім беру ұйымына тиесілі автокөлік құралы болған жағдайда жүргізушіге рейс алдындағы **медициналық куәландыруды жүргізуді ұйымдастыру;**

Мемлекеттік сатып алу қорытындылары бойынша айқындалған **өнім беруші** балаларды тасымалдау бойынша қызметтер көрсеткен жағдайда олар білім беру

ұйымының басшысына автобусты тексеру актісі және жүргізушіні рейс алдындағы медициналық куәландыру ұсынылады;

5) **ата-аналардың** немесе балалардың заңды өкілдерінің **жазбаша келісімін алуды** ұйымдастыру;

6) балалардың, олардың ата-аналары мен басқа да заңды өкілдерінің назарын **климаттық және жол жағдайларына сәйкес киім, аяқ киім, жеке гигиена құралдарын таңдауға аудару;**

7) **дәрілік заттар** мен таңғыш материалдардың қажетті жиынтығымен алғашқы көмек қобдишасының болуын қамтамасыз ету;

8) қозғалыс қауіпсіздігі шарттары бойынша техникалық жай-күйге қойылатын талаптарға сәйкес ҚР СТ ГОСТ Р 51709-2004 Мемлекеттік өртке қарсы қадағалау талаптарына сәйкес **өрт сөндіру құралдарының болуын** қамтамасыз ету;

9) сапардың ұзақтығы мүдделі тұлғалардың қатысуымен **үш сағаттан артық болса** балаларды **сынбайтын ыдыс-аяқтармен** және **тамақ өнімдерінің жиынтығымен** (жолдағы тағамдық қасиеттерін кепілді сақтайтын, тамақтан улануды болдырмайтын құрғақ рациондармен) қамтамасыз етуді ұйымдастыру;



10) қоғамдық тамақтандыру мекемелерінде (асханаларда, кафелерде), сондай-ақ мамандандырылған мекемелерде (қонақүйлерде, кемпингтерде бір күннен артық сапар кезінде) күн сайын **үш рет ыстық тамақпен** қамтамасыз ету;

11) балаларға **маршрутты**, аралық және соңғы пункттердің атауларын, тамақ ішуге, демалуға, түнеуге арналған аралық аялдамалардың шамамен уақытын **хабарлауға, қауіпсіздік шаралары** мен мінез-құлық ережелерін, ұялы телефондарының нөмірлерін және сапар басталар алдында топтан артта қалған кездегі іс-әрекеттер **тәртібін еске салу**;

12) білім беру ұйымы қызметкерлерінің арасынан балаларды тағайындалған жеріне дейін алып жүру үшін **жауапты адамдарды тағайындау**;

13) еріп жүрушілерден басқа екі және одан да көп автобус бөлінген жағдайда балалардың барлық тасымалдауын ұйымдастыруға жауапты тұлға тағайындау;

14) балаларды тасымалдау кезінде **қауіпсіздік шараларын сақтау жөнінде нұсқама жүргізу**, ол балаларды отырғызу, отырғызып, түсіру орнына автобустарды беру; автобуста қол жүгін орналастыру және бағажды тасымалдау; автобус салонында болған кезде жинау орындарында балалардың мінез-құлқы; балалардың хал-жағдайы нашарлаған жағдайларда мінез-құлық, қауіпті жағдайлар туындаған кезде мінез-құлық тәртібімен танысуды қамтиды еріп жүрушінің жүргізушімен өзара іс-қимыл жасау; салон жабдығын: желдеткіш люктерді, аялдама талаптарының сигналдарын, желдеткіштерді пайдалану кезіндегі төтенше жағдайлар; автобус аялдамаларында балаларды бақылауды қамтиды.



Нұсқаманы жол жүрісі қауіпсіздігін қамтамасыз етуге немесе көлік құралдарын пайдалануға жауапты адамдар жүргізеді, алғашқы медициналық көмек көрсету мәселелері бойынша еріп жүрушілерге нұсқаманы медицина қызметкерлері жүргізеді.

Журналда нұсқаманы өткізу туралы белгі және нұсқамадан өткен адамдардың қолдары тіркеледі.

Еріп жүрушілер балаларды автобусқа отырғызу басталғанға дейін:

1) балаларды қауіпсіз жерде жинауды ұйымдастырады. **Жинау орны** отырғызу орнынан кемінде 15

метр қашықтықта орналасады;

2) қатысып отырған балаларды қолда бар **тізімдер бойынша салыстырып тексеруді** жүргізеді және нақты қатысып отырған балалар тізімінде белгілейді;

3) **багажды** автобустың багаж бөліміне немесе балалардың багажын тасымалдауға арналған арнайы көлік құралына **тиеуді ұйымдастырады**;

4) балаларға осы Әдістемелік ұсынымдардың 7-тармағының 14-ші тармақшасында көзделген шаралар туралы **нұсқама жүргізеді**.





БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМЫНЫҢ БАСШЫСЫНЫҢ МІНДЕТТЕРІ



балаларды тасымалдауға қатысты оқу жылына **арналған іс-шаралар жоспарын** бекітеді



ата-аналардан немесе балалардың заңды өкілдерінен жазбаша **келісім алады**



білім беру ұйымы қызметкерлерінің арасынан балаларға жетекшілік жасау үшін **жауапты тұлға тағайындайды**



аумақтық әкімшілік полиция бөліміне тасымалдауға дейін **3 жұмыс күнінен кешіктірмей** патрульдік сүйемелдеуді ұйымдастыру туралы өтінім жолдайды



балаларды тасымалдауды ұйымдастыру туралы **бұйрық шығарады**



балаларды тасымалдауды тиісті талаптарға сәйкес жабдықталған автобустармен, шағын автобустармен жүзеге асыруды ұйымдастырады




балаларды тасымалдау кезіндегі қауіпсіздік шараларын сақтау туралы жауапты тұлғаға **нұсқама жүргізуді ұйымдастырады**



жүргізушінің **медициналық** тексеруден өтуін және автобустың техникалық жағдайына акт толтырылуын қадағалайды



2. БАЛАЛАРДЫ ТАСЫМАЛДАУ ТӘРТІБІ





Балаларды тасымалдауға арналған автобустың техникалық жай-күйі, техникалық қызмет көрсетудің көлемі мен мерзімдері, жабдықтары **«Автомобиль көлігі туралы»** Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген талаптарға жауап береді.

Балаларды тасымалдау Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрінің м.а. 2015 жылғы 26 наурыздағы № 349 бұйрығымен бекітілген **Автомобиль көлігімен жолаушылар мен багажды тасымалдау қағидаларында белгіленген талаптарға сәйкес жүзеге асырылады.** (ҚР Әділет министрлігінде 2015 жылғы 3 шілдеде № 11550 тіркелді).

Балаларды автобуспен (экскурсиялық және туристік автобустардан басқа) тасымалдау жолда **4 сағаттан аспайтын** уақытта және балаларды көліктің басқа түрімен тасымалдауды ұйымдастыру мүмкін болмаған жағдайларда жүзеге асырылады.

Топтарда балаларды тасымалдауға жеті жастан кіші емес балалар жіберіледі. Жеті жасқа толмаған балалар сапарға тек білім беру ұйымы қызметкерлерінің, сондай-ақ ата-аналарының немесе өзге де заңды өкілдерінің жеке сүйемелдеуімен ғана жіберіледі.

Егер жолда болу уақыты **4 сағаттан артық болса**, мектепке дейінгі жастағы балаларды автобуспен тасымалдау жүзеге

асырылмайды.

Автобустардың алдыңғы және артқы жағында **«Балаларды тасымалдау»** белгілері орнатылады.

Автобуста тасымалданатын балалар мен ересектердің жалпы саны отыруға арналған және осы көлік құралы үшін белгіленген орындар санынан аспауы керек.

Тасымалдауды ұйымдастыру кезінде қызмет көрсетуші жергілікті атқарушы органдармен және білім беру ұйымының әкімшілігімен бірлесіп, **балаларды отырғызудың және түсірудің ұтымды орындарын айқындайды.**

Балалардың автобусты күтіп тұруға арналған алаңдар жолаушылар мен багажды автомобильмен тұрақты тасымалдау маршруттарының аялдама пункттерінен бөлек орналасады, абаттандырылған арнайы жері бар және **жолға жақын жерде орналаспайды.**

Балаларды жаппай тасымалдауға дайындық кезінде тасымалдаушы білім беру ұйымымен бірлесіп балаларды жинау пунктінде және келу пунктінде автобустардың тұрағына арналған алаңның болуын, қону алаңының болуын тексереді.

Отырғызу және түсіру орындары автобустың тұрақ орнынан **30 метрден аспайтын** жерде орналасады.




Балаларды автобуспен сағат 22.00-ден 06.00-ге дейінгі кезеңде, сондай-ақ көріну жеткіліксіз жағдайларда (тұман, қар, жаңбыр) тасымалдауға жол берілмейді. Тасымалдардың қауіпсіздігіне қатер төндіретін жол немесе метеорологиялық жағдайлар қолайсыз өзгерген кезде, автобус қозғалысын уақытша тоқтату туралы қолданыстағы нормативтік құжаттарда көзделген жағдайларда тасымалдаушы рейсті тоқтатады және бұл туралы білім беру ұйымына дереу хабарлайды.

Балаларды қалааралық тасымалдау кезінде колоннаны медициналық қызметкер сүйемелдеумен қамтамасыз етіледі

Балаларды жаппай тасымалдауды жүзеге асыру кезінде білім беру ұйымдары тасымалдаушыға патрульдік автокөлікпен колоннаны алып жүруді бөлу туралы аумақтық әкімшілік полиция бөлімшесінің міндетті белгісі бар жазбаша өтінім береді.

Балаларды жаппай тасымалдау үшін автобус бөлінген кезде тасымалдаушы колоннаның басшысы үш және одан да көп автобус болған кезінде – қозғалыс қауіпсіздігіне немесе көлік құралдарын пайдалануға жауапты адамдар қатарынан, ал екеу болған кезде – осы автобустардың жүргізушілері қатарынан тағайындайды; колоннаның аға жетекшісі тағайындайтын жүргізуші автобустарда кемінде 5 жыл жұмыс өтілі болады.





БАЛАЛАРДЫ ТАСЫМАЛДАУ ТӘРТІБІ



Автобусты күтіп тұрған балалар үшін бөлінетін алаңдар жолаушыларды тұрақты тасымалдау маршруттарының аялдамаларынан **бөлек**, абаттандырылған және жол **үстінде орналаспауы тиіс** (ҚР ИДМ-нің м.а. 26.03. 2015 жылғы № 349 бұйрығы)



Сапар алдында балаларды **тізім бойынша тексеру**



Балаларды сапар маршруты, қауіпсіздік шаралары мен мінез-құлық ережелері, жетекшінің және басқа да жауаптылардың ұялы телефон нөмірлері туралы **хабардар ету**



Балаларды тасымалдау кезінде **медициналық қызметкердің** сүйемелдеуі қамтамасыз етіледі



Балаларды сағат **22.00-ден 06.00-ге** дейінгі кезеңде, сондай-ақ көру мүмкіндігі жеткіліксіз жағдайларда (тұман, қар, жаңбыр) тасымалдауға **жол берілмейді**



Балаларды тасымалдауға:

1) автобус жүргізушісі ретінде соңғы үш жылдан кем емес үздіксіз жұмыс өтілі бар, кемінде жиырма бес жастағы;

2) соңғы жыл ішінде еңбек тәртібін және жол жүру қағидаларын өрескел бұзбаған жүргізушіге рұқсат беру ұсынылады.

Балаларды тасымалдау кезінде автокөлік жүргізушілеріне мыналар ұсынылады:

1) автокөлік қозғалысының жылдамдығын сағатына 60 километрден аспайтын шектеуді;

2) бекітілген жүру бағыты бойынша қатаң жүру;

3) балалар тұрған автобустың салонында қол жүгі мен балалардың жеке заттарынан басқа кез келген жүкті, багажды немесе құрал-жабдықтарды тасымалдамауға;

4) автобуста балалар болған кезде, оның ішінде балаларды отырғызу және түсіру кезінде автокөлік салонын қалдырмауға;

5) автомобиль колоннасында жүргенде алда келе жатқан автокөлікті басып озбауға;

6) егер олар көлік құралының өздігінен қозғалуын немесе жүргізуші болмаған кезде оны пайдалануды болдырмайтын шаралар қолданбаса, өз орнынан кетпеуге немесе автобустан кетпеуге міндетті

БАЛАЛАРДЫ ТАСЫМАЛДАУ КЕЗІНДЕ ЖҮРГІЗУШІЛЕРГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

Балаларды тасымалдауға рұқсат етіледі:

- 1 кемінде 25 жастағы, тиісті санаттағы жүргізуші куәлігі және жүргізуші ретінде кемінде бес жыл жұмыс өтілі бар тұлғаға
- 2 автобус жүргізушісі ретінде соңғы үш жылдан кем емес үздіксіз жұмыс өтілі бар тұлғаға
- 3 соңғы жыл ішінде еңбек тәртібін және Жол қозғалысы ережелерін өрескел бұзбаған жүргізушіге;
- 4 сыйымдылығы 41 орыннан асатын автобустармен, сондай ақ кез-келген қалааралық балаларды тасымалдауға автобустарда кемінде бес жыл жұмыс өтілі бар жүргізушілерге.

Жүргізуші:

-  Жылдамдықты 60 км / сағ асырмауы тиіс;
-  Бекітілген маршрутты қатаң сақтауға міндетті
-  Салонда балалардың қол жүгі мен жеке заттарынан басқа артық жүкті тасымалдамауы керек
-  Отырғызу және түсіру сәттерін қоса алғанда, балалар бар кезде автобустың салонын тастап шықпауы қажет
-  Колоннадағы өзге көлікті басып озбайды
-  Автобустың өздігінен қозғалуының немесе басқа адамның көлікті пайдалануының алдын алмай өз орнын тастамау немесе автобустан шықпайды



Колонаның аға жетекшісі отырғызу алаңшасына автобустардың берілуін ұйымдастырады. Автобустар отырғызу (түсіру) орнына бір-бірлеп беріледі. Автобустың жүргізушісі отырғызу (түсіру) орындарына қозғалысты тек қана осы орыннан жолаушыларды отырғызу (түсіру) аяқталған кезекті автобусты жөнелткеннен кейін ғана бастауы тиіс.

Балаларды автобусқа отырғызу еріп жүрушінің басшылығымен және жүргізушінің бақылауымен (жаппай тасымалдаған кезде одан басқа тасымалдауды ұйымдастыруға жауаптының байқауымен) автобус **толық тоқтағаннан кейін отырғызу алаңында жүргізіледі**. Көлік құралы жақындаған кезде еріп жүрушілер балалардың оның алдынан жүгіріп шығуына, жүру бөлігінің шетінде топтануына жол бермейді.

Балаларды отырғызу (түсіру) кезінде және **маршрут бойынша жүру** кезінде балаларды тасымалдауды жүзеге асыратын

жүргізушілер, егер олар жол жүрісі қағидаларына, жол жүрісі қауіпсіздігінің өзге де талаптарына қайшы келмесе және егер осы нұсқаулар еріп жүрушілердің құзыреті саласына (балалардың мінез-құлқы, олардың денсаулығы мен қауіпсіздігі) кірсе, еріп жүрушілердің нұсқауларын орындайды.

Еріп жүрушілер автобусқа отыру және одан түсу кезінде, автобус қозғалысы кезінде, аялдамалар кезінде балалар арасында тиісті тәртіпті қамтамасыз етеді.

Автобустың отырғызу (түсіру) орнынан қозғалысын жүргізушіге отырғызудың (түсірудің) аяқталуы және есіктердің толық жабылуы туралы еріп жүруші хабарлағаннан кейін ғана бастауға рұқсат етіледі.

Автобустармен жүруге **қауіпсіздік шараларының бұзылуына әкелетін күйдегі**, алкоголь, есірткі, психотроптық және уылы заттардың әсеріндегі балалар мен ересектерге жол берілмейді.



БАЛАЛАРДЫ ТАСЫМАЛДАУ КЕЗІНДЕГІ ҚАУІПСІЗДІК ТАЛАПТАРЫ



Сапардың ұзақтығы
4 сағаттан аспауы
тиіс



Тасымалданатын
балалардың жасы **жеті
жастан кем** болмауы тиіс



Автобустарда алдыңғы
және артқы жағында
«Балалар» белгісі
орнатылуы керек



12 жасқа дейінгі балалар тек
арнайы **балаларды ұстау
құрылғылары** немесе баланы
қауіпсіздік белдіктерімен бекітуге
мүмкіндік беретін басқа құралдар
пайдаланыла отырып
тасымалдануы тиіс



Жолаушылардың жалпы саны
отыруға арналған орындар
санынан аспауы тиіс



Балаларды **отырғызу және түсіру**
орындарын білім беру ұйымы
жергілікті атқарушы органмен
бірлесіп айқындайды





ТОПТЫҚ ТАСЫМАЛДАУ КЕЗІНДЕГІ БАЛАЛАР ҮШІН МІНЕЗ-ҚҰЛЫҚ СТАНДАРТТАРЫ



топ басшысының, ересек еріп
жүрушінің рұқсатынсыз кетіп қалмау,
жаяу жолдың, жолдың жағасы,
отырғызу платформасы бойынша жан-
жаққа тарап кетпеуге



отырғызу платформасында (аялдамада)
тұрған басқа адамдарға кедергі және
ыңғайсыздық жасамауға



жүгіруге, бірін-бірі итермеуге, қимыл
ойындарын, соның ішінде доптармен
және басқа да заттармен ойнамауға



жақындап келе жатқан көлік құралы толық
аялдағанға дейін отырғызу
платформасының, жаяу жолдың, жолдың
жағасының шетіне жақын келмеу



салонға рюкзактар мен иық
сөмкелерімен кірмеңіз (оларды
отырғызар алдында тепе-теңдікті
жоғалту, басқа жолаушылардың бет-
әлпеті мен көзіне зақым келтіру қаупін
болдырмау керек)



үрленген және басқа жеңіл
ойыншықтарды, доптарды және өзге де
жеңіл заттарды қолда алып жүрмеуге
(ұстауға)




қағаз ақшаларды санауға



желдің әсерінен жол бөлігіне ұшып кетуі
мүмкін құжаттар мен басқа да жеңіл
заттарды алмау

3. БАЛАЛАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІ ҮШІН ЖАУАПКЕРШІЛІК





Қызмет көрсетушіні таңдауды, балаларды тасымалдау туралы шешімді құжаттауды, еріп жүретін адамдарды айқындауды, нұсқама жүргізуді және басқа да ұйымдастыру іс-шараларын қоса алғанда, балаларды қауіпсіз тасымалдауды ұйымдастыруға жауапкершілік **білім беру ұйымының басшысына бекітіледі.**

Іс-шара өтетін жерге дейін және кері қайту жолында, сондай-ақ болатын жерде балалардың қауіпсіздігі үшін жауапкершілік білім беру ұйымы басшысының бұйрығымен бекітілген **еріп жүретін**

адамдарға бекітіледі.

Автобустың жарамдылығы үшін жауапкершілік мыналарға жүктеледі, егерде ол:

1) мектеп автобусы болса **білім беру ұйымының басшысына;**

2) мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді берушінің автобусы болса – **көрсетілетін қызметтерді берушіге.**

Автобустың техникалық жарамдылығы мен санитарлық жағдайы үшін, балалармен жұмыс істеуге рұқсаттың болуы **автобус жүргізушісіне** жауапкершілік бекітіледі.





**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ОҚУ-АҒARTУ МИНИСТРЛІГІ
БАЛАЛАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫН ҚОРҒАУ КОМИТЕТІ**